

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Педагогика және психология институты

«6D010500 – Дефектология» мамандығының докторанты

**Усенова Малика Эрмухамматовнаның**

«Заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесшісі психология ғылымдарының докторы, профессор Н.Б. Жиенбаеваның

## **ШҚІРІ**

Бүгінгі таңда заманауи білім беру процесінің маңызды міндеттерінің бірі оқушылардың әлеуметтік белсенділігін дамыту. Қазақстан Республикасындағы іске асырылып жатқан өзгерістердің қозғаушы күші мен басты мақсаты адамның дамуы мен әл-ауқаты, жеке мүдделерін іске асырудың тиімді механизмдері мен жағдайларын жасау, ойлау мен әлеуметтік мінез-құлықтың ескірген стереотиптерін өзгерту болып табылады.

Есту қабілетінің зақымдалуы психологиялық және әлеуметтік мәселелерді туындатады. Есту қабілетінің зақымдалуына байланысты қоршаған ортамен шектеулі байланыс көбінесе адамның қоғамнан оқшаулануына әкеледі. Қарым-қатынас кезінде туындайтын қиындықтарға байланысты есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік өмір мен мектептегі үлгерімде көптеген мәселелерге кезігеді. Есту қабілеті зақымдалған балалар қарым-қатынастағы қиындықтардан басқа, құрдастарын қабылдамау, тұйықтық, бейімделу мәселелері мен немқұрайлылық сияқты қиындықтарға тап болады. Қазіргі кезеңде жеке тұлғаның негізгі сипаттамасы адамның әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді шешуге қосқан үлесінің мәні болып табылады. Қазіргі таңда кез келген білім беру бағдарламаларында әлеуметтік белсенділікті дамыту жаңа көзқарастарды, жаңа әдістерді, жаңа білімді қажет етеді. Әлеуметтену заманауи және шетелдік психологтардың назарында болғанмен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік белсенділігі арнайы қарастырылмады. Оның маңызды көрсеткіштері, типологиясы, сондай-ақ әртүрлі факторларға байланысты олардың ерекшелігі мақсатты түрде зерттелмеді. Бұл тақырыптың теориялық және практикалық деңгейі дамытуды қажет етіп отыр. Сонымен қатар есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған арнайы мекемелердің дәстүрлі оқу-тәрбие процесінде әлеуметтік белсенділікті мақсатты дамыту проблемасына жеткіліксіз назар аударылуы сияқты қарама-қайшылықтарды анықтаған. Осы орайда Усенова Малика Эрмухамматовна өзінің зерттеу объектісін жан-жақты зерттеп, өз ойын түсінікті етіп зерттеу проблемасының өзектілігін анықтаған. Осы айтылғандарға сәйкес ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу проблемасы жаңа, көкейкесті.

М.Усенова зерттеу барысында әлеуметтік белсенділікті дамытуда

қарастырылған шетелдік және отандық әдебиеттерге контент-талдау, теориялық негіздеу, эмпирикалық зерттеулер жүргізу (сауалнама, бақылау), математикалық өңдеу әдістерін қолдану негізінде бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

– заттық-тәжірибелік оқыту сабақтары маңыздылығы тұрғысынан «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» кеңейтілген мазмұнына маңызды сипаттамасы негізделді;

– естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігінің (орындаушылық, бастамашылдық, жауапкершілік) мазмұндық компоненттерінің қалыптасуы анықталды;

– заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін 1-2 сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың педагогикалық шарттары мен ерекшеліктері анықталды;

– заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытудың ғылыми-практикалық моделі жасалынды.

Зерттеу жұмысы есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамытуға арналған және арнайы білім беру саласында өзекті мәселелерге ғылыми тұрғыда негізделіп жазылған құнды жұмыс. Теориялық: нормативтік-құқықтық актілерді талдау, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді тұжырымдамалық-терминологиялық талдау, «естімейтін бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігі» ұғымының мазмұнын нақтылау мақсатында шетелдік және отандық тәжірибені жалпылау, заттық-тәжірибелік оқыту сабақтарында әлеуметтік белсенділікті дамыту процесін модельдеу; эмпирикалық: бақылау, сауалнама, талдау және сабаққа қатысу, анықтау, қалыптастыру, бақылау эксперименттері; статистикалық: тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін сандық-сапалық өңдеу қолданылған. Ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны оның тараулары мен параграфтарының бір бірімен тығыз логикалық байланыста, ішкі бірлікті сақтай баяндалғанын көрсетеді. Ал бұл болса, докторанттың диссертациялық жұмыс жасауға аса жауапкершілікпен қарағандығын дәлелдейді.

М.Усенованың жарық көрген еңбектері: диссертациялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау мақсатында 12-ден аса ғылыми жарияланымдар жарыққа шықты, оның ішінде Scopus деректер базасында 2 мақаласы және ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда 3 мақаласы жарық көрген. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған 6 ғылыми мақалала және ҚР басқа да журналдарында 1 ғылыми мақала жарияланған. Баспада жарияланған зерттеу материалдарының толықтығы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің жарияланымдарда келтірілген негізгі қағидалар мен нәтижелермен расталады, талаптарға толық сәйкес келеді. Докторанттың зерттеу жұмысы талаптарға сәйкес рәсімделген.

Усенова Малика Эрмухамматовна диссертациялық зерттеу жұмысын

орындау барысында білімділігін, біліктілігін, зерттеушілік мәдениетімен және адами тұлғалық қасиеттерімен ерекшеленді. Сонымен «Заттық - тәжірибелік оқыту сабақтарында есту қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік белсенділігін дамыту» тақырыбында жазылған диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар еңбек, диссертациялық жұмысты «6D010500–Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:  
Психология ғылымдарының  
докторы, профессор**

